Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 271-272

«БЕТПАҚ-ДАЛА» АҚБӨКЕН ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ САНЫН КӨБЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БИОТЕХНИЯЛЫҚ ШАРАЛАР

Имбаева Қ.

Қазақстан Республикасы Еуразия құрылығының ортасында орналасқан, (ауданы 2.7млн шаршы км) территория көлемі бойынша дүние жүзінде сегізінші орынды иеленеді.

Флора мен фаунаның молшылығы, биоалуантүрліліктің орманды, шалғыңды, шөлейтті, таулы ландшафтардың үйлесімдігі мемлекетіміздің ерекшелігі болып табылады.

Миллиондаған жылдар бойы түзілген биологиялық алуантүрлілік, тірі организмдердің негізгі эволюциялық нәтижесі болып келеді және де адамның әлеуметтік, эканомикалық дамуына өте маңызды.

Оның сақталуы бөлек мамандардың мәселесі болудан қалды. Әр биологиялық түрдің жоғалуы орны толмас қайғы екеніне барлық адам баласының көзі жетті және де ол ғылымға, тірі табиғаттың этникалық қабылдауына, қоғамның экономикалық қызығушылығына өз зиянын тигізеді.

1994жылы Қазақстан биологиялық алуантүрлілікті сақтау жөнінде Конвенция қабылданып, табиғаттың бізге берген сыйын сақтап қалатын бірден-бір шара.

Биоалуантүрлілікті сақтап қалу мәселесіне арналған Халықаралық Конвенцияны Қазақстан қабылдады.

Қазақстан Республикасында 835-омыртқалылар, соның ішінде сүтқоректілерден-178 түр, құстардан-489 (396 Қазақстанда ұялайды, қалғандары көктем мен күзде ұшып, қыста қыстау үшін ғана келеді), бауырымен жорғалаушылар-49, амфибиялар-12, балықтар-104 және дөңгелекауыздылар-3.

Энделикалық сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан түрлердің, сонымен қатар табиғи экожүйелердің ең тиімді сақтап қалудың амалы, дүние жүзілік қоғамдастықтың шешуі, табиғи территорияның ерекше жиегі болып табылады.

Биоалуантүрліліктің қайғылы күйі, табиғи ортаның ластануымен және табиғи апаттармен, шаруашылықпен сонымен қатар экожүйелердің немқұрайлы қорғалуымен байланысты.

Ғылыми-жаратылыстық және технико-экономикалық негіздемеге байланысты жұмыстар басталып кетті, екі ерекше қорғалатын табиғи территорияларда Қостанай және Қызылорда обылыстарда ақбөкендерді қорғау олардың көп жиналатын, қыстайтын, төлдейтін жерлерінде. Биоалуантүрліліктің эндемикалық, сирек кездесетін және саны аз түрлеріне-браконьерлік тәуелдік факторы болып табылады.

Ақбөкендердің (Saiga tatarica) саны ежелгі мамонттың жастасы болып табылатын жануар,1993 жылы 1220 мың дарақтан, 2003 жылы 22мың дараққа дейін кеміген.

Броконьерлікке жол беретін ақбөкендердің мүйізі болып табылады. Ол тибет медицинасында дәрі дәрмекке шикізат болып келеді. Қазақстанның шекарасынан контрабандалық ақбөкендердің мүйізін шығару өткен ғасырдың 80 жылдарынан басталып әлі күнге дейін жалғасуда. Сонымен қатар ауыл тұрғындары ақбөкендерді ет үшін аулайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің әдейі 2020 жылға дейін қабылданған қаулы, оларды табиғаттан алу және қорғаудағы қосымша шара болып келеді.

Ағымдағы жылда Орман және аң шаруашылығы Комитеті ақбөкендерді тиімді қорғауға барлық күштерін салуда.

Ақбөкендердің популяциялық ареалында 12 мобильді РГКП «ПО» «Охотзоопром» отряды құрылған, аңдардың төлдеу және миграциялық кезеңінде вахталық әдіспен бақылау жұмыстарын жүргізді.

РГКП «ПО» «Охотзоопром» жүйесінде, ақбөкендерді қорғау үшін 97 инспектордан құрылған 12 отряд бар. Мобильді топ автокөлікпен, мобильді радио станциямен, спутникті телефон құралымен және новигатормен жабдықталған, сонымен қатар видеокамера, фотоаппарат, түнде көретін құралмен, аймақтық картасы және басқа да инспекторлық құрал-саймандар бар. Ақбөкендердің миграциялық мекен ету жолында, жергілікті тұрғындардың экологиялық танымын, жақын маңдағы ауыл тұрғындарын жедел іс-шара қолдануда, мобильді топтың жұмысы өзінің нәтижесін берді. Ақбөкендердің, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануар түрлерін қорғауда келесідей табиғат қорғау іс-шаралары жүргізілді.Топтың үлкендеріне аймақ бекітілген. Қорғау іс-шаралары топтың үлкеніне байланысты жүргізіледі. Олар маршрутты немесе табиғат Бұл әдіс топтың үлкеніне, орын алған жағдайға байланысты, шешім қабылдауға болады. Ол топтың кез келген ауданға бет алуын, жануарлардың үлкен және кіші топтарына қорғау жүргізуде мүмкіндік бар. Популяцияның бір жерден басқа жерге миграциясын байқаған топ үлкені, орталық қызметке баяндайды, және ақбөкендердің орналасқан территориясында қорғау іс-шараларын жалғастыра береді. Орман және аң аулау шаруашылығы облыстық территориялық инспекция және РГКП «ПО» «Охотзоопром»қызмет орталықтары инспекциялық бақылау іс-шаралары арқылы, топтық аймақта жедел бақылау іс-шараларын жүргізеді.

Ақбөкендер өте өсімтал жануарлар, аналықтарының 90% егізден лақтап, популяцияларының саны жылдам өседі. Ақбөкендердің санының өзгеруінің бірнеше себебі бар: ауа-райының әсері, браконьерлік аңшылық, аурулары және жыртқыштардың әсері. Ақбөкендердің саны Республикамызда 2013жылы 187 мыңнан асты.

Ғылыми жетекшісі – а.ш.ғ.к., доцент Т.И.Құлмағамбетов